Бағалы қағаздар нарығы туралы заңның 102-бабының 2-тармағында қамтылған өзгертулерді эмитент Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржы есептілігі туралы заңнамаға сәйкес белгіленген қаржы есептілігі депозитарийінің интернет-ресурсында ақпарат орналастыру және бұқаралық ақпарат құралдарында ақпаратты оның пайда болған сәтінен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн аралығында жариялау арқылы Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі басқармасының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 26 «Қаржылық есептілік депозитарийінің, қор биржасының интернет-ресурстарында корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты, қаржылық есептілікті және аудиторлық есептерді, акционерлік қоғамдардың үлестес тұлғаларының тізімдерін, сондай-ақ жыл қорытындысы бойынша атқарушы органның мүшелеріне берілген сыйақының жиынтық мөлшері туралы ақпаратты орналастыру қағидаларын бекіту туралы» қаулысымен белгіленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13438 тіркелген) тәртіпте бағалы қағаздарды ұстаушылар назарына жеткізеді.

Семей қ.

Қоғам туралы жалпы мәліметтер

1. Қоғамның заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамасына немесе Заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлігіне сәйкес атауы:

1). заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркелу) туралы анықтама 2016 жылғы 10 маусымда Шығыс Қазақстан облысы Әділет Департаментінің Семей қаласы бойынша Әділет басқармасымен берілген, тіркеу нөмірі 4734-1917-27-АҚ(ШҚ).

2). Қоғамның толық және қысқартылған атауы

Қоғамның атауы	Толық	Қысқартылған
Қазақ тілінде	«Қаражыра» Акционерлік Қоғамы	«Қаражыра» АҚ
Орыс тілінде	Акционерное Общество «Қаражыра»	АО «Қаражыра»

3). қоғам атауы өзгерген жағдайда, оның барлық бұрынғы толық және қысқартылған атаулары, сондай-ақ өзгертілген күндері көрсетіледі.

«Қаражыра» АҚ (бұдан әрі «Акционерлік қоғам» немесе «қоғам») атауын өзгертпеген.

4). егер қоғам заңды тұлғаны (заңды тұлғаларды) қайта ұйымдастыру нәтижесінде құрылған болса, онда қайта ұйымдастырылған заңды тұлғалар және (немесе) қоғамға қатысты құқықтық мирасқор туралы мәліметтер көрсетіледі.

Акционерлік қоғам «Қаражыра ЛТД» ЖШС-ін қайта құру нәтижесінде құрылған (БСН 021240000409, орналасқан мекенжайы: 071412, Қазақстан Республикасы, Шығыс Қазақстан облысы, Семей қаласы, Боранбай би көшесі, 93-үй), осыған байланысты «Қаражыра ЛТД» ЖШС-нің барлық мүлкінің, құқықтары мен міндеттемелерінің құқықтық мирасқоры болып табылады.

5). қоғамның филиалдары мен өкілдіктері болған жағдайда, олардың атаулары, тіркелген күндері, орналасқан жері және қоғамның барлық филиалдары мен өкілдіктерінің пошталық мекенжайлары заңды тұлғалардың филиалдарын (өкілдіктерін) есептік тіркеу туралы анықтамасына сәйкес көрсетіледі.

2. Қоғамның заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу туралы анықтамаға немесе куәлікке сәйкес орналасқан жері қоғамның бизнес-сәйкестендіру нөмірі, байланыс телефондарының нөмірі, факс және электронды пошта мекенжайы, сондай-ақ қоғамның нақты мекенжайы Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің Ұлттық тізіліміне енгізілген мекенжайдан өзгеше болған жағдайда, нақты мекенжайымен бірге көрсетіледі

Орналасқан жері (мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамаға немесе куәлікке сәйкес	071412 Қазақстан Республикасы, Шығыс Қазақстан облысы, Семей қаласы, Боранбай Би көшесі, 93-үй
Іс жүзіндегі мекенжайы (қоғамның іс жүзіндегі мекенжайы Бизнес сәйкестендіру нөмірлерінің Ұлттық тізіліміне енгізілген	071412 Қазақстан Республикасы, шығыс Қазақстан облысы, Семей қаласы, Боранбай Би көшесі, 93 үй

мекенжайдан бөлек болған жағдайда)	
БСН	021240000409
Байланысу	Тел.: +7 (7222) 30-22-07 Факс: +7 (7222) 30-21-89 E-mail: mail@karazhyra.kz

3. Акционерлік қоғамға немесе ол шығарған бағалы қағаздарға халықаралық рейтингтік агенттіктер және (немесе) Қазақстан Республикасының рейтингтік агенттіктері берген рейтингтер туралы мәліметтер. Қаржылық агенттік мәртебесін беру туралы мәліметтер: Акционерлік қоғамға немесе ол шығарған бағалы қағаздарға халықаралық рейтингтік агенттіктер және (немесе) Қазақстан Республикасының рейтингтік агенттіктері берген кредиттік және басқа рейтингтер берілген жоқ. Сондай-ақ қоғамға қаржылық агенттік мәртебесі берілген жоқ.

Қоғамның ірі акционерлері немесе құрылтайшылары және қоғамның органдары

4. Қоғамның жарғылық капиталындағы қатысу үлесінің 10 (он) немесе одан артық үлесін иеленетін құрылтайшылар (қатысушылар):

№	Заңды тұлғаның толық атауы, орналасқан орны/құрылтайшының - жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты, туған жылы	Қоғамның жарғылық капиталындағы қатысу үлесінің 10 (он) немесе одан артық үлесін иеленетін қатысушылардың алдын ала төлеген акцияларының саны мен түрі	Қатысушылар қоғамның жарғылық капиталындағы қатысу үлесінің 10 (он) немесе одан артық үлесін иелене бастаған күн
1	DEMEX LIMITED LIABILITY COMPANY, Заң бойынша және АҚШ, Оңтүстік Дакота штатында құрылған, нөмірі DL003535, мекенжайы: USA, 400, West Apple Street, TEA, South Dakota, 57064	800 000 дана жай акция	10.06.2016 г.
2	Огай Эдуард Викторович, 1969 ж.т., ЖСН 691018300072, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Текстильная к., 76-үй, 11-п. мекенжайында тұрады	100 000 дана жай акция	10.06.2016 г.
3	Джуманбаев Владимир Викторович, 1973 ж.т., ЖСН 730929300499, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Самал-2 ықшам ауданы, 70-үй, 23-п. мекенжайында тұрады	100 000 дана жай акция	10.06.2016 г.

5. Қоғам органдары:

1). Акционерлік қоғамның директорлар кеңесі.

Акционерлік қоғамның директорлар кеңесі құрылмаған - жарияланған акцияларды шығару проспектісі күніне қарай Акционерлік қоғам жаңадан құрылған болып табылады.

2). Акционерлік қоғамның Алқалық (дара) атқарушы органы.

Акционерлік қоғамның Атқарушы органы (Бас директор) құрылмаған - жарияланған акцияларды шығару проспектісі күніне қарай Акционерлік қоғам жаңадан құрылған болып табылады.

3). Қоғамның Директорлар кеңесінің комитеттері (болған жағдайда).

Директорлар кеңесінің комитеттері құрылмаған - жарияланған акцияларды шығару проспектісі күніне қарай Акционерлік қоғам жаңадан құрылған болып табылады.

4). Ішкі аудит қызметі (болған жағдайда).

Ішкі аудит қызметі құрылмаған - жарияланған акцияларды шығару проспектісі күніне қарай Акционерлік қоғам жаңадан құрылған болып табылады.

6. Қоғамның үлестес тұлғалары

Жарияланған акцияларды шығару проспектісі күніне қарай Акционерлік қоғам жаңадан құрылған болып табылады.

7. Акциялардың немесе осы заңды тұлғалардың жарғылық капиталындағы қатысу үлесінің 10 (он) немесе одан артық пайызын қоғам иеленген заңды тұлға болып табылатын, қоғамның қосылма тұлғалары туралы мәліметтер:

Акционерлік қоғам басқа заңды тұлғалардың жарғылық капиталындағы акцияларды немесе қатысу үлестерін иеленбеген.

Қоғамның қызмет түрлері

8. Қоғамның қызмет түрлері:

1). Қоғамның жалпы кірісіндегі үлестерін көрсете отырып, маусымдық сипаттағы қызмет түрлерін көрсете отырып, қоғамның қызмет түрлерінің қысқаша сипаттамасы:

- ✓ кен орындарын өңдеу және пайдалану, соның ішінде аршу, өндіру, бұрғылау, жару жұмыстары;
- ✓ тау-кен өндірісін пайдалану;
- ✓ электр желілері мен қосалқы стансаларды пайдалану;
- ✓ жылу қуатын өндіру, тарату және үлестіру;
- ✓ азаматтық және өндірістік құрылыс, сәулет, құрылыс және қала құрылысы қызметі;
- ✓ құрылыс материалдары мен конструкцияларды өндіру және сату;
- ✓ тасты шығару және қайта өңдеу;
- ✓ көмірді қайта өңдеу, ұсақтау және байыту;
- ✓ темір жол жолдарының үстіңгі құрылысты қоса алғанда, темір жол құрылысы және жол салу;
- ✓ тау кесіндісінде және оның шегінен тысқары маркшейдерлік жұмыстар жүргізу;
- ✓ қауіпті жүк тасымалы;
- ✓ прекурсорларды сатып алу, сақтау және пайдалану;
- ✓ бұрғылау-жарылыс жұмыстары, жарылғыш заттарды сатып алу, тасымалдау, сақтау, қолдану, сату;
- ✓ геологиялық барлау, тау-кен бұрғылау жабдықтары мен көтеру құрылғыларын жобалау, жасау және жөндеу;

- ✓ энергия жабдықтарын монтаждау және жөндеу;
- ✓ электр желілерін жобалау және құрылысы;
- ✓ қысыммен жұмыс жасайтын қазандықтарды монтаждау және жөндеу;
- ✓ инвестициялық қызметті жүзеге асыру;
- ✓ энергетикалық кешенді дамытудың перспективалық жобаларын әзірлеу және жүзеге асыру, олардың орындалуына бақылау жасау;
- ✓ толайым және бөлшектеп сатуды ұйымдастыру;
- ✓ ғылыми-техникалық зерттеу, өндіріс экологиясы мен әлеуметтік бағдарламалар саласындағы стратегия мен тактиканы қалыптастыру;
- ✓ таныстыру қызметі, маркетинг, инжиниринг;
- ✓ жүктерді теміржол және басқа көлікпен тасымалдау;
- ✓ көмірді өндіруге және сатуға қажетті машиналарды, жабдықтарды және оның керек-жарақтарына қызмет көрсету;
- ✓ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сыртқы экономикалық қызмет;
- ✓ коммерциялық қызметті басқару жөніндегі қызметтер;
- ✓ инвестициялық жобаларды әзірлеу және басқару;
- ✓ инвестицияларды тарту;
- ✓ кеңестік, ақпараттық және аналитикалық қызметтерді көрсету;
- ✓ Қоғамның корпоративтік мақсатына жету үшін қажетті көлемде ғана импорттық және экспорттық операцияларды жүзеге асыру;
- ✓ Қазақстан Республикасында және оның аумағынан тыс жерлерде мүлікті, соның ішінде жылжымайтын мүлікті жалдау, сату, сатып алу немесе басқа жолмен алу және мұндай мүлікті Қоғамның мақсатында немесе оны басқа тұлғаларға субарендаға тапсыру мақсатында пайдалану;
- ✓ Қоғамның шаруашылық қызметін жүзеге асыру үшін қажетті немесе қалаулы жабдықтарды, материалдарды және қызметтерді сатып алу;
- ✓ Қазақстан Республикасында және оның аумағынан тыс жерлердегі кездесулерге, семинарларға, көрмелерге және жәрменкелерге қатысу;
- ✓ Қоғамның шарт міндеттемелерін қамтамасыз ету үшін, теңге және басқа валютадағы қаржыландыруды қоса алғанда, кепілдіктерді және Қоғам Активтерінің кепілдігін беру;
- ✓ қоғамдарға, қауымдастықтарға және басқа бірлестіктерге қатысу;
- ✓ Қазақстан Республикасында және оның аумағынан тыс жерлерде барлық рұқсат етілген инвестиция түрлерін жүзеге асыру;
- ✓ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлғалар тыйым салмаған, Қоғамның мақсатына жету үшін қажетті басқа Шаруашылық қызметті жүзеге асыру.

Қоғамның қызметі маусымдық болып табылмайды. Жылдық өнім өндірісі жыл бойы жүргізіледі.

Мыналар үшін қолданылатын негізгі технологиялық жабдықтарды күрделі және ағымдағы жөндеу қарастырылған:

- а) көмір өндірісіне дайындық;
- б) көмір өндірісі;
- в) өндіріс қызметіне байланысты қосымша және ілеспелі жұмыстарды қамтамасыз ету.

Бұл жөндеу жұмыстары бекітілген жоспарлы-алдын ала жөндеу кестелеріне және жабдық өндірушілерін пайдалану жөніндегі техникалық регламенттер мен басшылықтардың негізінде жүзеге асырылады.

2). Акционерлік қоғамның бәсекелес ұйымдары туралы мәліметтер:

Бәсекелестің толық	Бәсекелестің	Бәсекелестің Қоғам	Бәсекелестің
--------------------	--------------	--------------------	--------------

атауы	орналасқан жері	алдындағы артықшылығы және (немесе) Акционерлік қоғамның кемшіліктері	кемшіліктері және (немесе) Акционерлік қоғамның бәсекелестер алдындағы артықшылықтары
«Шұбаркөл Көмір» АҚ	Қарағанды облысы, Шұбаркөл ст.	1. Көмірдің сапалы сипаттамалары: «Д» маркалы, күл қалушылығы 5-7%, жанудың ең төмен жылулығы 5600 – 6 200 кКал/кж. Географиялық жағынан ҚР орталығында орналасқан: ҚР барлық аумақтарынан бірдей қашықтықта орналасқан; Оралға және РФ Орталық бөлігіне тиеу, Еуропаға экспорттау үшін логистикалық тұрғыдан тиімді.	ШҚО-да орналасқан: РФ Алтай өлкесіне, Омбы, Қорған облыстарына тиеу бойынша тиімді орналасқан. Жоғары күл қалушылығының 13%-18% және көмір толық жанып біткеннен кейін қалатын көмір тақтатастардың болуының арқасында екінші жылу көзі бола отырып, отынның аз жағылуына ықпал етеді.
«Майкубен Вест» АҚ	Павлодар облысы, Үш құлын ст.	«Б-3» маркалы. Күл қалдығы төмен.	«Б» көмір маркасы. Өзінен өзі жануға бейім, морт, ылғалдылығы жоғары.
«Гамма» ЖШС	Павлодар облысы, Үш құлын ст.	«Б-3» маркалы. Күл қалдығы төмен.	«Б» көмір маркасы. Өзінен өзі жануға бейім, морт, ылғалдылығы жоғары.
«Разрез Кузнецкий» ЖШС	Қарағанды обл, Қарағанды қ.	«Б-3» маркалы. Күл қалдығы төмен.	«Б» көмір маркасы. Өзінен өзі жануға бейім, морт, фракцияны ұстамайды, ылғалдылығы жоғары.
«SAT Комир» АҚ	Қарағанды обл, Қарағанды қ.	«Б-3» маркалы. Күл қалдығы төмен.	«Б» көмір маркасы. Өзінен өзі жануға бейім, морт, фракцияны ұстамайды, ылғалдылығы жоғары.
«Он-Олжа» ЖШС	Акмолинская обл,	«ГЖО» және «ГЖ»	Күл қалдығы жоғары:

	Қоржынкөл ст.	маркалы. Сақтау мерзімі ұзақ, берік, фракцияны жақсы ұстайды.	32% «ГЖО» үшін және 25% «ГЖ» үшін, ұшқыш заттардың шығу көрсеткіші гөмен, мұржалардың бітелуіне әкеп соғатын кұрымның жоғары кұрамда болуы.
--	---------------	--	--

3). Акционерлік қоғамның негізгі қызмет түрлері бойынша сатылым (жұмыс, қызмет) табыстылығына оңтайлы және теріс әсер ететін факторлар.

Табыстылыққа оңтайлы әсер ететін факторлар:

- халықтың сатып алушылық қабілетінің артуы;
- ҚР өнеркәсіптік өндірісінің өсімі;
- электр қуатын, жылу қуатын және буды тұтынушылықтың артуы;
- РФ, Қырғыз Республикасында және ТМД-ның басқа елдерінде сұранымның артуы

Табыстылыққа теріс әсер ететін факторлар:

- климат;
- аймақта және жалпы Республикада сатып алу қабілетінің кемуі;
- нарықтағы бәсекелестік ұсыныстарының өсімі;
- экспорттық сатылым өсімі қарқынының баяулауы;
- басқа отын түрлеріне ауысу (газ, кокс).

4). Қоғамның лицензиялары (патенттері) және олардың әрекет ету кезеңі, зерттеулер мен өндеулерге, соның ішінде қоғам демеушілік еткен зерттеу талдамаларына жұмсалған шығындар туралы ақпарат.

Жарияланған акцияларды шығару проспектісі күніне қарай Акционерлік қоғам жаңадан құрылған болып табылады.

5). Қоғамға жеткізілетін (көрсетілетін) шикізат (жұмыстар, қызметтер) импортының үлесі және қоғам сатылатын өнімнің (көрсетілетін жұмыстардың, қызметтердің) жалпы көлеміндегі экспортқа өткізетін (шығаратын) өнім (жұмыс, қызмет) үлесі туралы мәліметтер.

Жарияланған акцияларды шығару проспектісі күніне қарай Акционерлік қоғам жаңадан құрылған болып табылады.

6). Нәтижесінде қоғамның қызметін тоқтатуға немесе өзгертуге, одан ақшалай немесе басқа міндеттемелердің өндірісіне әкеп соғуы мүмкін қоғам қатысқан сот процестерінің мәнін көрсете отырып, қоғамның сот процестеріне қатысуы туралы мәліметтер

Жарияланған акцияларды шығару проспектісі күніне қарай Акционерлік қоғам жаңадан құрылған болып табылады.

7). Қоғамның қызметіне әсер ететін басқа тәуекел факторлары.

Ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында немесе биржадан тыс нарықта акциялардың бағасына, сондай-ақ қоғамның акциялар құнына ықпал ететін нарықтағы өнім құнының өзгеруіне ықпал ететін тәуекелдер:

Қоғам климаттық жағдайдың 2-5 жыл бойы қатарынан жылынуы, ҚР салаларында өндіріс көлемінің қысқаруы, соның салдарынан электр қуатын, жылу қуатын, буды және ыстық суды тұтынудың азаюы және цемент өнеркәсібінің қысқаруы салдарынан өнімге деген сұраныстың кемуі ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында немесе биржадан тыс нарықта акциялардың

бағасына, сондай-ақ қоғамның акциялар құнына ықпал ететін нарықтағы өнім құнының өзгеруіне ықпал ететін негізгі тәуекел болып табылады деп есептейді.

Инфляциямен, девальвациямен және банк пайызы мөлшерлемелерімен сипатталатын тәуекелдер:

Бұл тәуекелдер ҚР экономикасына, сондай-ақ Қоғамға ықпал етеді. Өз қызметінде Қоғам шетел өндірушілерінің технологиялық жабдықтарын қолданады, сондықтан шығындардың басым бөлігіне теңгенің рубльге және АҚШ долларына қатысты бағамы әсер етеді. Өткен девальвациялар тәжірибесі өнімнің құны мен жеткізушілердің қызметтері аталған валюталардың бағамының өзгеруіне тікелей пропорцияда екенін көрсетті. Біраз көлемдегі экспорт (сату көлемінен 10-12%) девальвациялық тәуекелдерді толық көлемде төмендетуге мүмкіндік бермейді.

ҚР ағымдағы экономикалық жағдайы банк пайыздарының жоғары мөлшерлемелерімен сипатталады. Қоғам қызметі тау-кен жұмыстарын бірқалыпты жүргізу кезінде көктем-жаз маусымында сатылымдар азаятындығымен ерекшеленеді. Бұл айтарлықтай кассалық құлдырауға және сәйкесінше ауыстыру құралдарын тартуға әкеп соғады. Алайда, пайыздар бойынша маңызды емес шығыс үлесін ескере келе (1-1,5%), банк пайызының мөлшерлемесіне байланысты тәуекел маңызды емес болып табылады.

Шығарылатын өнімнің бәсекелестік қабілетіне байланысты тәуекелдер

Қоғам өнім сапасы мен бағасының үйлесуінің арқасында ҚР, Ресей және Қырғызстан нарығында өз орнын алып отыр. Қоғам тұрақты түрде нарықтар талдауын және бәсекелес кәсіпорындар өнімінің мониторингін жүргізіп отырады. Оның қызметі өз өнімінің бәсекеге қабілеттілігін қолдауға және жақсарту үшін тиімді технологияларды ендіруге, заманауи және өндіргіш жабдықтарды, басқарушылық тәжірибені ендіруге бағытталған.

Елдегі саяси жағдай өзгерісімен және заңнаманың өзгеруіне байланысты тәуекелдер:

ҚР саяси жағдай тұрақтылығымен ерекшеленеді, соған орай бұл тәуекелдің маңызы аз.

Әлеуметтік факторларға байланысты тәуекелдер:

Қоғам қызметкерлерді оңтайлы еңбек жағдайымен қамтамасыз етуге бағытталған саясатты ұстанғандықтан, бұл тәуекел маңызды емес.

- 9. Қоғам өндіретін немесе тұтынатын тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) жалпы құнынан 5 (бес) және одан артық пайызды құрайтын көлемде қоғамның тауарларын (жұмыстарын, қызметтерін) тұтынушылар мен жеткізушілер туралы мәліметтер.**

Өнімді негізгі жеткізушілер туралы мәліметтер

№	Атауы	Жеткізілетін ТМҚ
1	"EastTradeSolution" ЖШС	дизель отыны
2	"КазАзот" ЖШС	аммиакты селитра
3	"Комек Машинери" ЖШС	арнайы техникаға арналған қосалқы бөлшектер
4	"АстанаБелазСервиз" ЖШС	арнайы техникаға арналған қосалқы бөлшектер
5	"Aktiv Project" ЖШС	арнайы техникаға арналған қосалқы бөлшектер
6	"Искра-Сервис" ЖШС	бұрғылау жарылыс жұмыстарына арналған материалдар
7	"ГлавАвтоТранс" ЖШҚ	қосалқы бөлшектер мен шығыс материалдары
8	"Туркуаз Машинери" ЖШС	шығыс материалдары: майлар
9	"КазРосОйл" ЖШС	жағар материалдар: майлар
10	"Беларусская шина" ЖШС	арнайы техникаға арналған шиналар
11	"ЭКГ Лидер" ЖШҚ	экскаваторларға арналған қосалқы бөлшектер
12	"Hartex" ЖШС	қосалқы бөлшектер

Өнімді негізгі тұтынушылар туралы мәліметтер

Өнімді негізгі тұтынушыларды 4 топқа бөлуге болады:

- көмірді ҚР бюджеттік және өндірістік кәсіпорындар үшін тауарлық биржа арқылы сату;
- көмірді экспортқа шығару шарттары бойынша сату (Ресей және Қырғызстан);
- ШҚО AES Өскемен ЖЭО, АЭС Согра ЖЭО, Теплокоммунэнерго МҚК Семей қ., Риддер ЖЭО АҚ, Теплоцентральный МК сияқты және басқарлар;
- Өскемен жылу желілері, Аягөз қаласының коммуналдық кәсіпорындары (Аягөз Жылу, Айгуль+К), Бухтарма Инфрасервис, КМЭП және басқалар.

Қоғамның қаржылық жағдайы

10. Қоғам активтерінің жалпы көлемінен 10 (он) және одан артық пайызын құрайтын қоғам активтері.

Қоғамның активтері құрайды кем дегенде 10 (Он) пайызы.

11. Қоғамның өз активтерінің теңгерімдік құнынан 5 (бес) және одан артық пайызын құрайтын дебиторлық берешегі:

1) Қоғам алдындағы берешегі қоғам активтерінің теңгерімдік құнынан 5 (бес) және одан артық пайызын құрайтын қоғам дебиторларының атауы;

Жарияланған акцияларды шығару проспектісі күніне қарай Акционерлік қоғам жаңадан құрылған болып табылады.

2) өтелуі тиісті сомалар (жақын арадағы 12 (он екі) ай ішінде тоқсан сайын бөлінеді, қалған сомалар жылдарға бөлініп, өтелетін күнімен қоса көрсетіледі) және оларды өтеу мерзімдері.

Жарияланған акцияларды шығару проспектісі күніне қарай Акционерлік қоғам жаңадан құрылған болып табылады.

12. Қоғам активтерінің жалпы көлемінің 10 (он) және одан артық пайыздарын құрайтын, қоғам міндеттемелерінің қамтылуы болып табылатын қоғамның активтері:

1) қоғам міндеттемелерінің қамтылуы болып табылатын тиісті активтер құнын көрсете отырып, міндеттемелерінің қамтылуы болып табылатын қоғамның активтерінің атауы;
Қоғам активтері қоғам міндеттемелерінің қамтылуы болып табылмайды.

2) бағалаушының атауы, әрбір активтің бағаланған күні:

Қоғам активтері қоғам міндеттемелерінің қамтылуы болып табылмайды.

3) тиісті шарттардың әрекеті аяқталған күн:

Қоғам активтері қоғам міндеттемелерінің қамтылуы болып табылмайды.

13. Сенімді басқаруға берілген қоғам активтерінің жалпы көлемінен 10 (он) және одан артық пайыз құрайтын қоғам активтері:

1) Сенімді басқаруға берілген активтердің тиісті құны көрсетіліп, сенімді басқаруға берілген қоғам активтерінің атауы;

Қоғам активтері сенімді басқаруға берілмеген.

2) бағалаушының атауы, әрбір активтің бағаланған күні;

Қоғам активтері сенімді басқаруға берілмеген.

3) тиісті шарттардың әрекеті аяқталған күн.

Қоғам активтері сенімді басқаруға берілмеген.

14. Қоғамның өз міндеттемелерінің теңгерімдік құнынан 5 (бес) және одан артық пайызын құрайтын кредиторлық берешегі:

1) қоғам кредиторларының атаулары;

Жарияланған акцияларды шығару проспектісі күніне қарай Акционерлік қоғам жаңадан құрылған болып табылады.

2) өтелуі тиісті сомалар (жақын арадағы 12 (он екі) ай ішінде тоқсан сайын бөлінеді, қалған сомалар жылдарға бөлініп, өтелетін күнімен қоса көрсетіледі) және оларды өтеу мерзімдері.

Жарияланған акцияларды шығару проспектісі күніне қарай Акционерлік қоғам жаңадан құрылған болып табылады.

Жарияланған акциялар шығарылымы туралы мәліметтер

15. Жарияланған акциялар шығарылымы туралы мәліметтер

- 1) жарияланған акциялар саны, түрлері – 1 000 000 (бір миллион) дана жай акция;
- 2) құрылтайшылар төлейтін акциялар саны, түрі – 1 000 000 (бір миллион) дана жай акция;
- 3) құрылтайшыларға төленетін бір акцияның атаулы құны – 3 873 (үш мың сегіз жүз жетпіс үш) теңге 78 (жетпіс сегіз) тиын;
- 4) артықшылықты акциялар бойынша дивидендтің кепілдендірілген мөлшері – артықшылықты акциялар шығарылмайды;
- 5) қоғамның бағалы қағаздардың ұйымдастырылмаған нарығында акцияларды сатып алу кезінде акциялар құнын анықтау әдістемесін акционерлердің жалпы жиналысы немесе құрылтайшы жиналысы бекіткен күн – Акционерлік қоғамның құрылтайшылар жиналысының 2016 жылғы 20 мамырдағы № 1 хаттама.

16. Егер қоғам жарғысымен қоғамның орналастырылған акцияларының бір түрін осы қоғам акцияларының басқа түріне айырбастау қарастырылған болса, онда бұл тармақта қоғамның орналастырылған акцияларының бір түрін осы қоғам акцияларының басқа түріне айырбастау шарттары, мерзімі мен тәртібі көрсетіледі.

Қоғам жарғысымен қоғамның орналастырылған акцияларының бір түрін осы қоғам акцияларының басқа түріне айырбастау қарастырылмаған.

17. Төлем агенті туралы мәліметтер.

- 1) төлем агентінің толық және қысқартылған атауы;
Қоғамның төлемдік агенті жоқ.
- 2) орналасқан жері, байланыс телефондары, қоғамның төлем агенттерімен шарттарының күні мен нөмірлері.
Қоғамның төлемдік агенті жоқ.

18. Қоғам акцияларын қор биржасының ресми тізіміне кіргізу және содан табылу мәселелері бойынша сабағаттық қызмет көрсететін тұлға туралы мәліметтер:

- 1) Қоғам акцияларын қор биржасының ресми тізіміне кіргізу және содан табылу мәселелері бойынша сабағаттық қызмет көрсететін тұлғаның толық және қысқарған атауы;
Эмитенттің қаржы кеңесшісі "SkyBridgeInvest" АҚ болып табылады
- 2) Қоғам акцияларын қор биржасының ресми тізіміне кіргізу және содан табылу мәселелері бойынша сабағаттық қызмет көрсететін тұлғаның орналасқан жері, байланыс телефондары:
Қазақстан Республикасы, 050040, Алматы қ., әл-Фараби д-лы, "Есентай Тауэр" бизнес-орталығы, 77/7, 12-қабат; Телефон: (727) 311 06 06; Факс: (727) 311 16 06
- 3) Қоғам акцияларын қор биржасының ресми тізіміне кіргізу және содан табылу мәселелері бойынша сабағаттық қызмет көрсететін тұлғаның қоғаммен шарт жасаған күні және шарттың нөмірі.
Сабағаттық қаржы қызметтерін көрсету туралы 04.04.2016 ж. №43-п.н. шарт.

Инвесторларға арналған ақпарат

19. Инвесторларға арналған ақпарат.

- 1) әлеуетті инвесторлар Қоғам жарғысының көшірмесімен, акциялар шығарылымының проспектісімен, осы құжаттарға өзгертулер және толықтырулармен, акцияларды орналастыру қорытындылары туралы есеппен, сондай ақ қоғам қызметі туралы ақпаратты жариялау үшін қолданылатын бұқаралық ақпарат құралдарының атаулары туралы мәліметтермен таныса алады;
 - мына мекенжайда орналасқан Акционерлік қоғамнан: 071412 Қазақстан Республикасы, Шығыс Қазақстан облысы, Семей қаласы, Боранбай Би көшесі, 93 үй;
 - қаржы есептілігі депозитаріінің web-порталынан - www.dfo.kz
 - қоғамның web сайтында – www.karazhyra.kz
- 2) соңғы аяқталған 3 (үш) қаржылық жыл ішінде қоғамның қаржылық есептілігінің аудитін жүзеге асырған (жүзеге асырып жүрген) аудиторлық ұйымдардың толық ресми атауы (аудитордың тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), олардың тиісті аккредиттелген кәсіпқой аудиторлық ұйымдарға қарастығын көрсете отырып:
 - 2013 – 2015жж. «Эрнст Энд Янг» ЖШС

«Эрнст энд Янг» ЖШС заңды және нақты мекенжайы:

050060, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., әл-Фараби д-лы, 77/7, «Есентай Тауэр» ғимараты, Қазақстан Республикасы аумағында аудиторлық қызметпен айналысуға арналған мемлекеттік лицензиясының сериясы МФЮ-2 №00000003, 2005 жылғы 15 шілдеде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігімен берілген.


Бас директор: Евгений Жемалетдинов (аудитордың біліктілік куәлігі №00005532003 жылғы 24 желтоқсанда берілген)

Тел: +7 (727) 258 59 60

«Эрнст энд Янг» ЖШС Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Шетелдік инвесторлар кеңесінің (ШИК) мүшесі болып табылады. «Эрнст энд Янг» ЖШС Қазақстандағы бірқатар іскерлік және кәсіби қауымдастықтардың мүшесі болып табылады: Қазақстандағы Америка сауда палатасы, Қазақстан қаржыгерлері қауымдастығы, Қазақстан салық төлеушілері қауымдастығы, Британ-Қазақ Қоғамы, Германия бизнес клубы, Қазақстандағы Еуропалық бизнес қауымдастығы, Қазақстан-Канада Бизнес қауымдастығы, Халықаралық инвестициялық салық орталығы, Қазақстан Аудиторлар палатасы.

- 3) Акционерлердің жалпы жиналысының немесе құрылтай жиналысының ұйымдастырылмаған бағалы қағаз нарығында қоғамның акцияларды сатып алуы барысында олардың бағасын анықтау әдістемесін бекіткен күні - Акционерлік қоғамның 2016 жылғы 20 мамырдағы құрылтай жиналысының №1 хаттамасы.

Уәкілетті тұлға



Джуманбаев В.В.



[Handwritten signature]

Промышленность и энергетика
№ 190 серия X

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНА
ҚАТЫСТЫРЫЛҒАН ЗАКОН

[Handwritten signature]

ТИПРЕМ

16. 8. 2003

